Тасқала аудандық қоғамдық-саяси газеті

Екпін

№37 (9085)
11/09/2026 ж.

ekpin_1936@mail.ru

www.facebook.com/zhaikpress
twitter.com/zhaikpress
www.instagram.com/zhaikpress.



Тіл-ынтымақ пен бірліктің бастауы

Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай Тасқала аудандық кітапханасында жас мамандар арасында «Тіл — татулық тірегі» атты танымдық Quiz сайыс ұйымдастырылды. Аталмыш шара Тасқала ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мен Тасқала аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, сондай-ақ облыстық қазақ тілі қоғамының қолдауымен өтті. Сайыстың басты мақсаты — мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру, көптілділікті насихаттау, жастардың тілге деген қызығушылығын арттыру, ана тіліне деген құрметін қалыптастыру және достық пен татулық құндылықтарын дәріптеу.

Шара барысында ұлттың рухани байлығы, тарих пен мәдениеттің айнасы болған тілдің халық өміріндегі маңызы туралы баяндалды.

Quiz сайысына 17-35 жас аралығындағы жастардан құралған үш команда қатысты. Аудандық білім беру бөлімінің «ЛингвоМафия» тобына Жандос Ғұмаров, Тасқала аудандық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының «Тіл шырағы» тобына Аязби Әубакеров, Тасқала аудандық мәдени-демалыс орталығының «ART lab» командасына Бақдәулет Сұлтанмұратов жетекшілік етті.

Сайысқа Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры Алтынбек Әбділманов, Тасқала ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің статист маманы Лунара Мажитова және Тасқала аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің библиографы Шолпан Жұматова әділқазылық етті.

Танымдық сайыс үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезең — «Тіл білгірі» деп аталып, қатысушылар тіл тақырыбына қатысты он сұраққа жауап беріп, өз білімдерін сынады. Екінші кезеңде «Жеті жұмбақ» тапсырмасы бойынша командалар тапқырлықтарын көрсетіп, жұмбақтардың шешімін табуға тырысты. Ал «Тапқыр болсаң, тауып көр» атты үшінші кезеңде қатысушылар жасырылған сөздердің жауабын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазып, өздерінің көптілділік қабілеттерін ортаға салды. Сайыс барысында қатысушылар ұйымшылдық, жылдам ойлау, тапқырлық және тілдік білімдерін көрсете білді. Әр кезең қызықты әрі тартысты өтіп, жастардың белсенділігі мен тілге деген құрметі байқалды.Тасқала аудандық мәдени-демалыс орталығының қызметкерлері ұлттық мерекені әсем әнмен әрледі. Достық ауылдық мәдениет үйінің директоры Аюпов Қазбектің орындауындағы «Қазақ тілі» әні көпшілікке ерекше әсер қалдырды. Жангелді Шоманов «Ауылдың баласымын» әнін орындап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Сайыс соңында әділқазылар алқасы қорытынды жасап, «ЛингвоМафия» командасы бірінші орынды иеленсе, екінші орын «ART lab» командасына бұйырды. «Тіл шырағы» тобы жүлделі үшінші орынды жеңіп алды. Жеңімпаздарға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

«Тіл — татулық тірегі» атты Quiz сайысы жастардың білімін шыңдап қана қоймай, тілдің халықты біріктіретін қуатты құрал екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Тіл — өткеннің аманаты, бүгіннің тірегі, болашақтың кепілі. Ана тіліміздің абыройын асқақтатып, еліміздегі барлық тілдерге құрметпен қарау – ортақ міндет.

Бақтыгүл ШОТАНОВА





Ардагерге құрмет көрсетілді

Аудан әкімі Талғат Асқарұлы ардагер Айтқали Рахымұлын мерейлі 75 жасқа толуымен құттықтап, арнайы қабылдады.

Айтқали Рахымұлы саналы ғұмырын ел игілігіне арнап, ұзақ жылдар бойы құрылыс саласында абыройлы еңбек етіп, туған өлкенің әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлесін қосты. Еңбек жолында елді мекендердің көркеюіне, халықтың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған жұмыстарға белсене атсалысты.

Сонымен қатар ел сенімін арқалап, облыстық мәслихат депутаты ретінде өңірдің дамуына бағытталған маңызды бастамаларға қолдау көрсетіп, халықтың мұң-мұқтажын назарда ұстады.

Ардагерді мерейтойымен құттықтауға аудандық мәслихат төрағасы Жанар Бисенғалиева, аудан әкімінің орынбасары Рауан Рахметуллин, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жәрдемғали Балықов, ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Самиғолла Шүкіров, құрылыс бөлімінің басшысы Асхат Ибраев және еңбек ардагері қатысты.

Кездесу барысында аудан әкімі Талғат Асқарұлы мерейтой иесіне ақжарма тілегін білдіріп:

- Сіз ел игілігі жолында ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етіп, туған өлкенің дамуына елеулі үлес қостыңыз. Біліміңіз бен тәжірибеңізді ел қажетіне жаратып, азаматтық ұстанымыңызбен кейінгі буынға үлгі болдыңыз. Еңбегіңіз бен елге деген жанашырлығыңыз әрдайым зор құрметке лайық. 75 жас — адам ғұмырының тағылымы мол, еңбектің жемісін көріп, елдің алғысына бөленер айтулы белесі. Осы мерейлі жасыңызда сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық амандық пен бақ-береке тілеймін. Ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, ағайын-туыстың ортасында абыройыңыз асқақтай берсін, – деді аудан басшысы.

Кездесу соңында аудан әкімі Айтқали Рахымұлына Алғыс хат табыстап, иығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Гүлмира МАҚАНОВА

Нақты жұмыс-нақты нәтиже



Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы 2026 жылғы 23 тамызда өткен Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауындағы дауыс беру қорытындыларын жариялады. Сайлау қорытындысына сәйкес, «Әділет» партиясы 71,17 пайыз дауыс жинап, Құрылтай депутаттарының сайлауында жоғары нәтижеге қол жеткізді. Бұл – барша бастауыш партия ұйымдары (БПҰ) мүшелерінің, штаб қызметкерлерінің, белсенділер мен еріктілердің бірлесе атқарған ауқымды еңбегінің жемісі деп білемін.

«Әділет» партиясы Тасқала аудандық сайлауалды штабының ұйымдастыруымен сайлау науқаны барысында аудан көлемінде 100-ден астам іс-шара өткізіліп, халықпен кездесулер, үгіт-насихат жұмыстары және түрлі қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Дауыс беру күні де партиямыздың байқаушылары өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып, сайлау процесінің ашық әрі заң талаптарына сай өтуіне өз үлестерін қосты.

Еліміз үшін тарихи маңызы зор Құрылтай сайлауын абыроймен өткізуге атсалысып, жеңіске өз еңбегімен үлес қосқан ел ағаларына, партия ардагерлеріне, штаб мүшелеріне, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен барлық партияластарыма, белсенділер мен еріктілерге шын жүректен алғысымды білдіремін!

Бұл жеңіс — ортақ мақсат жолындағы ауызбіршілігіміздің, табанды еңбегіміздің және ел болашағына деген жауапкершілігіміздің нәтижесі. Алдағы уақытта да халықтың сенімін ақтап, ел игілігі жолында бірлесе еңбек ете берейік! Жеңісті күндеріміз көп болсын!

Бірлігіміз бекем, еңбегіміз жемісті болсын!

Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

Люция ЖҰБАНЫШҚАЛИЕВА
«Әділет» партиясы
Тасқала аудандық филиалының төрағасы

Таза Қазақстан

«Қауіпсіз өңір» кешенді жоспарын іске асыру аясында «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» ММ қызметкерлері ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында тұрғындарға қоршаған ортаны қорғау, аумақтарды абаттандыру талаптарын сақтау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері түсіндірілді. Сонымен қатар ауыл аумағын абаттандыру және тазалықты қамтамасыз ету мақсатында шөп шабу жұмыстары жүргізілді.

Аталған жұмыстардың негізгі мақсаты — тұрғындардың қоғамдық тәртіп пен тазалықты сақтауға деген жауапкершілігін арттыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру және ауыл аумағының көркейіп, абаттануына үлес қосу.

Өз тілшіміз



Тіл – халықтың рухы



Жуырда аудандық кітапханада Қазақстан Республикасындағы халықтарының тілдері күніне арналған «Кең байтақ елім бар, көркейген тілім бар» тақырыбында өнеге сағаты өтті. Тағылымды шараға Ы.Алтынсарин мектебінің 11-сынып оқушылары қатысты. Кездесудің негізгі мақсаты — ана тілінің қадір-қасиетін ұғындыру, мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, тілге деген құрметті қалыптастыру және көптілділіктің маңызын насихаттау.

Шара барысында қатысушыларға қазақ тілінің тарихы, оның халық өміріндегі орны мен маңызы туралы ақпараттар беріліп, тіл — ұлттың рухани қазынасы, ел тарихының айнасы екені кеңінен айтылды. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, тіл туралы қызықты сұрақтарға жауап беріп, түрлі танымдық тапсырмаларға қатысты. «Тіл тарихы – ел тарихы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, көрмеге тіл, әдебиет, тілдің тарих және тіл туралы зерттеген ғалымдардың еңбектері қойылды. Оқушылар кітаптармен танысып, өздеріне қажетті мәліметтер алды. Кездесудің көркін Мәдениет үйінің қызметкері И. Байбулатова ашып, «Туған жер» әнін орындап, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Тіл — халықтың рухы, ұлттың жаны. Өз тілін құрметтеген ұрпақ елінің тарихын, мәдениетін және ұлттық құндылықтарын да қастерлейді. Сондықтан ана тіліміздің ардақтап, мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктету-баршамызға ортақ міндет. Кең байтақ елімізде әр тілге құрмет көрсетіліп, қазақ тілі — елді біріктіретін ортақ тіл болып, көркейе берсін!

Г. САТЫБАЛДИЕВА
Аудандық кітапхананың МШО жұмыстанатын кітапханашысы

Асық ату лигасы

Тасқала ауданында ұлттық спортты дәріптеу, халқымыздың дәстүрлі ойындарын жастар арасында кеңінен насихаттау және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Асық ату — Тасқала ауданы лигасы» өтті.

Ұлттық ойынға аудан тұрғындарының қызығушылығы жоғары. Лигаға барлығы 22 қатысушы қатысып, өзара бақ сынауда. Жарыс барысында қатысушылар асық атудың қыр-сырын меңгеріп қана қоймай, дәлдік, мергендік, шапшаңдық жәнеептілік қабілеттерін шыңдайды.

Асық ату халқымыздың сан ғасырдан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Ол баланы ептілікке, төзімділікке, шапшаң шешім қабылдауға және дәлдікке тәрбиелейді. Сонымен қатар ұлттық ойын жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, спортқа деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Лига аясындағы сайыс жұмасына бір рет өткізіліп, қатысушылар өзара үздікті анықтайды. Тасқала ауданында ұйымдастырылып отырған бұл лига да осы бағыттағы игі бастамалардың жалғасы болып табылады.

Бек ЖАН

• Редактор бағаны



Өмірі – елге, есімі – ұрпаққа аманат

Адам өмірі – уақытпен өлшенетін қысқа ғұмыр. Ал елге сіңірген еңбегі, артында қалдырған өнегесі мен адам жүрегіндегі жақсы аты – уақытқа бағынбайтын мәңгілік мұра. Осындай ел есінде өшпес із қалдырған азаматтың бірі – марқұм аудан әкімі Өтеміс Уәлиұлы Мырзағалиев еді.

Халық үшін орны толмас қаза болған сол қаралы күнге биыл 15 жыл толып отыр. Тағдырдың жазуына шара бар ма?! Дегенмен Өтеміс Уәлиұлының елге жасаған қызметі, халыққа деген жанашырлығы, әріптестеріне қалдырған өнегесі, қарапайым жұрттың жүрегінде қалған жақсы аты – оның жалғасып жатқан өмірі іспетті.

Бүгінгі газет бетіндегі марқұмның бірге қызмет еткен бір топ әріптестерінің естеліктері де – уақыт бедерінде қалған сол бір аяулы азаматтың бейнесін қайта жаңғыртатын қымбат қазына.

Мұнда ресми өмірбаяннан гөрі жүрек сөзі басым. Бірі, бірге қызметтес болған жылдарын еске алса, енді бірі азаматтың адамгершілігін, басшы ретінде қабылдаған шешімдерін, елмен қарым-қатынасын, әріптестеріне деген қамқорлығын еске түсіреді.

Бұл естеліктер — бір азаматтың ғұмыр жолын ғана баяндамайды. Мұнда әріптестің сағынышы, замандастың бағасы, азаматтың ел алдындағы еңбегіне берілген шынайы баға бар. Сондықтан Өтеміс Уәлиұлының ғибратты жолы мен оның жарқын бейнесі, ел үшін атқарған еңбегі мен адамдық болмысы әріптестерінің жүрегінде, халықтың жадында мәңгі жасай бермек.

Жақсы істерімен ел есінде қалған басшы



Аудан басшысы болу — үлкен жауапкершілік. Қандай басшысы болмасын, өз жұмысының нәтижелі болғанын, жоспарлаған істерінің жүзеге асқанын қалайды. Алайда іс жүзінде бәрі ойдағыдай бола бермейді. Кейбір басшылар ауыл шаруашылығын, енді бірі әлеуметтік мәселелерді басты бағытқа алып, сол салаға басымдық береді. Бірақ жұмысты жан-жақты ұйымдастыру оңай шаруа емес. Халық та басшыға дәл осы қабілеті арқылы баға береді. Барлық саланың түйінін бірдей шешу — әркімнің қолынан келе бермейтін өнер. Оны тек нағыз басшылар ғана атқара алады. Мен көп жылдар бойы осы ауданда қызмет етіп, әр жылдардағы аудан басшыларымен бірге жұмыс жасадым. Аудан тарихында өзіндік із қалдырған жан-жақты басшылардың бірі Аудан басшысы болу — үлкен жауапкершілік. Қандай басшысы болмасын, өз жұмысының нәтижелі болғанын, жоспарлаған істерінің жүзеге асқанын қалайды. Алайда іс жүзінде бәрі ойдағыдай бола бермейді. Кейбір басшылар ауыл шаруашылығын, енді бірі әлеуметтік мәселелерді басты бағытқа алып, сол салаға басымдық береді. Бірақ, жұмысты жан-жақты ұйымдастыру оңай шару емес. Халық та басшыға дәл осы қабілеті арқылы баға береді. Барлық саланың түйінін бірдей шешу — әркімнің қолынан келе бермейтін өнер. Оны тек нағыз басшылар ғана атқара алады.

Мен көп жылдар бойы осы ауданда қызмет етіп, әр жылдардағы аудан басшыларымен бірге жұмыс жасадым. Аудан тарихында өзіндік із қалдырған жан-жақты басшылардың бірі — Өтеміс Уәлиұлы Мырзағалиев еді. Ол біздің ауданда 2007-2011 жылдары басшылық қызмет атқарып, қайғылы жағдайда қаза тапты. Өтеміс Уәлиұлы Мырзағалиев еді. Ол, біздің ауданда 2007-2011 жылдары басшылық қызмет атқарып, қайғылы жағдайда қаза тапты. Өтеміс Уәлиұлы аудан да қысқа мерзімде қызмет жасағанымен, көптеген маңызды істі тындырған басшылардың бірі болды. Ол ауыл шаруашылығын әлеуметтік саламен, мәдениет және спортпен ұштастыра білді. Жұмыс жоспарын құрғанда осы салалардың барлығын қатар қамтуға баса мән берді. Ауыл шаруашылығы саласының мамандарымен, жағдайын жақсартуға күш салды. Шаруаларға қолдау көрсетіп, олардың өндірсін арттыруға зор үлес қосты.

Аудандағы жұмыссыздықты азайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Аз қамтылған отбасыларға көмек көрсету мақсатында нақты шаралар атқарылды. Кейбір мұқтаж отбасыларға шаруа қожалықтарын бекітіп, көмек көрсетуді тапсырды. Сонымен қатар мекеме басшыларына тапсырма беріп, аз қамтылған отбасылардың жағдайын ай сайын зерделеп, қандай көмек қажет екенін анықтап отыруды ұйымдастырды.

Білім саласы да назардан тыс қалған жоқ. Аудандағы «Сәулет» мектеп-лицейінің құрылысын аяқтауға ауқымды жұмыстар атқарды. Нәтижесінде «Сәулет» мектеп-лицейі өңірдегі үздік білім ордасының біріне айналды. Бұған дейін жоспарда болмаған саз мектебін ашып, жұмысқа қосты. Аудандағы білім беру мекемелеріне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді. Мектепке дейінгі балаларға жағдай жасауға да айрықша көңіл бөлді. Бұрынғы Ленин атындағы совхоздың ескі ғимаратын кәсіпкерлермен келісе отырып жөндеуден өткізіп, балабақша аштырды.

Мәдениет саласында да жүйелі жұмыстар атқарылды. Құрамында қырықтан астам мүшесі бар домбыра оркестрі жасақталды. Аудан орталығындағы мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, іші толық жаңартылды. Сахналық киімдер тігіліп, құрал – жабдықтар заман талабына сай келтірілді.

Жоғарыда айтылғанның бәрі — барлық саланы бірдей ұштастыра білген Өтеміс Уәлиұлының басшы ретіндегі ерекшелігінің айғағы. Оның басты қасиеттерінің бірі — халықпен тіл табыса білуі, қарапайымдылығы және өзін ешқашан өзгелерден жоғары ұстамауы еді. Оның мәдениеттілігі мен қарапайымдылығы ерекше еді. Халықпен сөйлескенде сөзі салиқалы, сауатты болатын. Жиындарға тұрғындар оны арнайы тыңдауға келетін. Өтеміс өткізген жиналыстарда дауыс көтеріп, айқай-шу болмайтын. Тек орынды сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілетін. Округтерді аралағанда ең алдымен ауыл ақсақалдарының үйіне кіріп, халдерін сұрап, мәселелерін тыңдауды әдетке айналдырды. Өтеміс Уәлиұлының басшы ретінде баса назар аударған тағы бір бағыты — кадр даярлау болды.

Талантты жастарды мемлекеттік қызметке тартуды жүйелі түрде қолға алды. Ол кісінің мемлекет ісіне тартқан мамандардың көпшілігі бүгінде жауапты қызметтерде. Мысалы: Қуат Мусин, Бауыржан Айтмағамбетов, Талғат Шакіров — аудан басшысы қызметіне дейін көтерілсе, Бауыржан Имашев, Орыбек Насімуллин, Мэлс Нарықов, Айгүл Дүйсенова, Әсел Ибраева, Думан Ғазез сынды азамат, азаматшалар аудандағы маңызды салаларды басқаруда. Аудан басшысы ретінде ол аудан көлемінде ауқымды мәдени шараларды өткізуге ұйытқы болды. Қызмет істеген жылдары ауданға белгілі ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері жиі келіп, халықпен жүздесіп тұрды.

Өтемістің ұмытылмас тағы бір қасиеті — ол ешқашан қызметкерлеріне дауыс көтеріп, ренжіткен емес. Жіберілген қателікті қарапайым тілмен түсіндіріп, жеткізгеннен кейін қайталамау керек екенін түсінесің. Міне, осындай ерекше қасиеттерімен Өтеміс Мырзағалиев аудан тұрғындарының жадында мәңгі қалды. Он бес жыл өтсе де, онымен бірге қызметтес болғандар мен оны көріп, сөзін есітіген жұрт әлі күнге дейін оны үлкен құрметпен еске алды.

Жәрдемғали БАЛЫҚОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы

“Екпін”
№37 (9085) 11/09/2026 ж.

Адам өмірден өтеді, ал оның елге жасаған еңбегі, артында қалдырған өнегесі, халық жүрегіне сіңген жақсы аты мәңгі жасайды. Арамыздан алыстағанына 15 жыл өтсе де, Өтеміс Уәлиұлының есімі тасқалалықтардың жадында жаңғырып келеді.



ӨТЕМІС УӘЛИҰЛЫ – ҰЛТ РУХЫН ҰЛЫҚТАҒАН ТҰЛҒА

Адамның ел алдындағы қадір-қасиеті оның лауазымымен ғана өлшенбейді. Шын азаматтың бағасы – елге сіңірген еңбегімен, халыққа жасаған жақсылығымен, артында қалдырған рухани мұрасымен өлшенеді. Осындай ел жадында сақталған аяулы азаматтың бірі – Өтеміс Уәлиұлы. Ол Тасқала ауданын басқарған жылдары елдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерімен қатар, руханият пен мәдениетке ерекше көңіл бөлген басшы болды. Қызметті тек міндет деп емес, халыққа қызмет етудің үлкен аманаты деп түсінді. Өтеміс Уәлиұлын еске алғанда, менің ойыма ең алдымен Өзбекәлі Жәнібеков түседі. Әрине, әр тұлғаның өз орны, өз биігі бар. Бірақ олардың елдік ойлауында, ұлттық мәдениетке деген көзқарасында, өнерді халықтың рухани тірегі деп бағалауында үлкен үндестік бар еді.

Өзбекәлі Жәнібеков – ұлт мәдениетінің ұлы жанашыры болса, Өтеміс Уәлиұлы сол ұлттық рухты өзі басқарған аудандарын түлетуге күш салған азаматтардың бірі болды.

Ол ұлттық өнердің қадірін жақсы білді. Күй мен әнді жай ғана сахналық өнер емес, халықтың тарихы мен тағдырын жеткізетін рухани құндылық деп түсінді. Ұлттық өнерге ұйытқы болған басшы Өтеміс Уәлиұлының Тасқала ауданындағы мәдениет саласына жасаған ең үлкен еңбектерінің бірі – ұлттық оркестрдің құрылуына мұрындық болуы. Бұл – сол кезең үшін үлкен бастама еді.

Ұлттық оркестр құру – бірнеше домбырашыны жинап, сахнаға шығару ғана емес. Оның ар жағында ұлттық өнерге деген үлкен жауапкершілік, кәсіби мамандарды іздеу, жас таланттарға жол ашу, музыкалық аспаптарды жаңарту, өнерпаздарға жағдай жасау секілді қыруар жұмыс тұрды. Өтеміс Уәлиұлы осының бәрін жүрегімен түсінді.

Ол аудан өнерпаздарының кәсіби деңгейге көтерілуіне жағдай жасады. Күй өнеріне ерекше мән берді. Қазақтың күйшілік дәстүрін терең білетін, домбыраның қадірін түсінетін өнерпаздарды бағалады. Тіпті аудан өнерпаздарының арасынан Құрманғазы атындағы оркестрдің әрбір шығармасын жіті танып, оның ерекшелігін айтып бере алатын таланттарды іздеп, қолдағаны ел есінде. Бұл – оның өнерге деген талғамының қаншалықты биік болғанын көрсетеді. Өтеміс Уәлиұлы басшылық жасаған жылдары ауданның мәдени өмірі айтарлықтай жанданды. Театрлар байқауы өткізіліп, өнер ұжымдары облыстық, республикалық додаларға қатысты. Дыбыс жазу студиясының жұмысы жолға қойылып, музыкалық аппаратуралар жаңартылып, сахналық киімдер тігілді. Аудан өнерпаздарының облыстық сахналарда өнер көрсетуі де жиіледі. Мұның бәрі бір күнде келген жетістік емес еді. Оның артында мәдениетке жанашыр басшының табандылығы, өнер адамдарына деген сенімі және «ауылдағы өнер де үлкен сахнаға лайық» деген азаматтық ұстанымы тұрды.

Өнер адамын бағалай білген тұлға

Өтеміс Уәлиұлының тағы бір ерекшелігі – ол өнер адамының жан дүниесін терең түсіне білді. Өнерпаздың бойындағы талантты көре білу – кез келген басшыға бұйыра бермейтін қасиет.

Ол жастарға да үлкен сенім артты. Жоғары білімді, өнерлі жастарды ауданға тартуға айтарлықтай еңбек сіңірді. Жас маманға мүмкіндік беру арқылы ауданның болашағына қызмет ететінін жақсы білді. Ол кісінің қарапайым сөйлеп, жұмсақ үнмен пікір білдіретіні, адамдармен тіл табыса білетіні туралы замандастары жиі еске алады. Кейде адамның биіктігі оның қатты сөйлеуінен емес, үнсіз атқарған ісінен көрінеді. Өтеміс Уәлиұлы да сондай азамат еді. Ол өз еңбегін жарнамалауға ұмтылған жоқ. Бірақ жасаған істері халықтың көз алдында тұрды. Өзбекәлі Жәнібеков өнегесімен үндескен азамат. Қазақ мәдениетінің тарихында Өзбекәлі Жәнібековтің орны ерекше. Ол ұлттық өнер мен салт-дәстүрді жаңғыртуға, тарихи мұраны дәріптеуге, ұлттық мәдениеттің беделін көтеруге бар ғұмырын арнады. Өтеміс Уәлиұлының бойынан да осы қасиеттерді көруге болатын.

Ол да ұлттық өнерге сырттай бақылаушы болып қарағаң жоқ. Мәдениетті аудан өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыруға тырысты. Өзбекәлі Жәнібеков ел көлемінде ұлттық мәдениеттің шамын жақса, ал Өтеміс Уәлиұлы сол шамның сәулесін Тасқала топырағында жарқырата білді. Меніңше, Өтеміс Уәлиұлын ел тарихында дәл осындай қырынан бағалауымыз керек. Ол – аудан басқарған әкім ғана емес. Ол – ұлттық өнерді қолдаған, мәдениеттің өркендеуіне жол ашқан, өнер адамын қадірлеген қоғам қайраткері.

Ел есінде қалған еңбек

Өтеміс Уәлиұлының басшылық қызмет атқарған жылдары Тасқаланың мәдени өмірінде айрықша із қалдырды. Аудандық мәдениет ұжымдарының жұмысы жанданып, өнерпаздардың облыстық деңгейдегі байқауларға қатысуы артты. Ұлттық аспаптарға деген қызығушылық күшейді. Музыкалық ұжымдардың материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға көңіл бөлді. Ал ұлттық оркестрдің құрылуы – сол еңбектің жарқын жемісі.

Бүгінде ұлттық оркестрдің сахнадағы әрбір күйін тыңдаған кезде, оның артында кезінде осы іске жүрекпен кіріскен азаматтардың еңбегі тұрғанын ұмытпауымыз керек. Өтеміс Уәлиұлының мәдениетке жасаған қамқорлығы ауданның өнерпаздары үшін үлкен мектеп болды. Ол өнердің бір күндік дүние емес екенін түсінді. Бүгін қолдаған жас өнерпаз – ертең елдің атын шығаратын азамат екенін білді. Сондықтан ол жастарға жол ашты.

Асыл азаматтың асыл арманы

Өмірінің соңғы күндерінде де Өтеміс Уәлиұлы елдің мәдениеті мен өнері туралы әңгімесін тоқтатпаған. Адам өмірден озар алдында да елдің ертеңін ойласа, бұл – оның азаматтық болмысының биіктігі емес пе?! Ол өзі өмірден өткеннен кейін де артында жақсы сөз қалды. Қазақта: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді. Өтеміс Уәлиұлының да аты өлген жоқ. Арада 15 жыл өтсе де, оны көрген, бірге қызмет істеген, ақылын тыңдаған азаматтар оның адамдық қасиетін, басшылық болмысын, мәдениетке деген ерекше көзқарасын сағынышпен еске алады. Өзім де Өтеміс Уәлиұлы сияқты қадірлі азаматпен иық тіресе жұмыс істегенімді мақтан тұтамын! Өйткені халықтың жүрегіне орныққан адамды уақыт өшіре алмайды. Тұлғаны ұлықтау – ұрпаққа аманат.

Бүгінгі ұрпақ Өтеміс Уәлиұлы сияқты азаматтардың еңбегін білуі керек. Өйткені елдің тарихы тек үлкен саяси оқиғалардан тұрмайды. Ауданның мәдениетін көтерген, өнерпаздарға қолдау көрсеткен, жастарға жол ашқан, ұлттық өнерді дәріптеген азаматтардың еңбегі де – ел тарихының бір бөлігі.

Өтеміс Уәлиұлының өмір жолы бізге бір қарапайым, бірақ аса маңызды ақиқатты ұқтырады: Басшылық – мансап емес, халық алдындағы жауапкершілік. Мәдениет – қосымша сала емес, ұлттың рухани тірегі. Ал елге қызмет ету – адам өмірінің ең үлкен мәні. Осыны түсінген азамат қана ел есінде қалады. Өтеміс Уәлиұлы да ел есінде қалды. Оның артында ұлттық оркестр, өнер ұжымдары, мәдениет саласындағы игі бастамалар ғана емес, адамдарға деген ізгі ниет, жастарға деген сенім, ұлттық өнерге деген шексіз құрмет қалды.

Тасқала топырағында ұлттық өнердің туын көтеріп, мәдениеттің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған Өтеміс Уәлиұлының есімі – ел жадында әлі де жаңғыра береді. Асыл азаматтың ғибратты ғұмыры – кейінгі ұрпаққа өнеге, елге қызмет етудің жарқын үлгісі. Арамызда болмаса да, оның рухани шамы сөнген жоқ. Ол шам – Тасқаланың өнерінде, мәдениетінде, ұлттық оркестрдің күйінде, өнерпаздардың жүрегінде және елдің есінде мәңгі жана бермек. Жақсының аты өлмейді.

Жанар БИСЕНҒАЛИЕВА,
аудандық мәслихат
төрағасы

Елдің алғысын алған ердің аты өшпейді

Бүгін біздің арамызда жоқ, бірақ жүрегімізде мәңгі сақталған Мемлекет және қоғам қайраткері, асыл азамат, мемлекетшіл тұлға, өнегелі отбасы иесі болған, ардақты ағамыз Мырзағалиев Өтеміс Уәлиұлының туғанына 70 жыл, өмірден өткеніне 15 жыл толуына орай естелік жазуды жөн көрдім.



Үш жылдан астам Тасқала ауданының әкімі қызметін дипломат басшы ретінде абыроймен атқарған Өтеміс Уәлиұлы секілді ағаларымыздың жақсы қасиеттерін өнеге тұту арқылы ол кісінің есімін жадымызда мәңгі сақтай аламыз.

2009-2011 жылдар аралығында ауданның әлеуметтік салаға жауапты аудан әкімінің орынбасары қызметін атқарып, бірге еңбек еткенімді қай жерде жүрсем де үнемі мақтанышпен айтып жүремін. Сол жылдар менің еңбек жолымдағы ерекше есте қалған кезеңдердің бірі болды.

Өтеміс Уәлиұлы ең алдымен елдің жағдайын, халықтың тұрмысын ойлайтын басшы еді. Әкімдік қызметтің жауапкершілігін жақсы түсінді. Қандай мәселе көтерілсе де, «Бұл халыққа қалай әсер етеді?», «Ауданның жағдайын қалай жақсартамыз?» деген тұрғыдан қарайтын.

Басшы ретінде талапшыл болды, бірақ талаптың артында әрдайым адамға деген түсіністік пен қамқорлық жататын. Қызмет барысында қиындықтар да, шешімі оңай емес мәселелер де аз болған жоқ. Сондай сәттерде сабыр сақтап, асығыс шешім қабылдамай, мәселенің мәніне терең үңілетін.

Өзі басшылық еткен уақытта елдің рухани қалыптасуына, ұрпақ тәрбиелеу бағытында біраз жұмыс жасады. Өтеміс Уәлиұлының тікелей басшылығымен Тасқалада аудандық саз және «Сәулет» мектептерінің бой көтергендігі, ұлт аспаптар оркестрінің құрылуы, мәдениет ұжымдарының сахна костюмдері мен жабдықтарының жаңартылуы, 2008 жылы алғашқы мемлекеттік қызметшілер арасындағы спартакиадада Тасқала ауданының I орын алуы, 2010 жылғы рейтингтік бағалау қорытындысы бойынша республикадағы 160 ауданның ішінен Тасқала ауданының жетінші орыннан көрініп, Ресей Федерациясының Саратов губерниясының Озинки, Дарғаш, Саратов аудандарымен мәдени және сауда-саттық бағытында байланыс орнатуының өзі осының айғағы.

Мен ол кісінің бір қасиетін ерекше атап өткім келеді: ол адамды қызметіне қарап емес, еңбегіне, азаматтық ұстанымына қарап бағалайтын. Қол астындағы қызметкерлеріне сенім артып, жауапкершілік жүктей білетін. Өзіміз де сол сенімге лайық болуға, қандай тапсырма болса да үлкен жауапкершілікпен орындауға тырыстық, сол кезеңде бірге қызмет атқарған мықты әріптестеріммен мен де мақтанамын: денсаулық саласын басқарған – Т.Қалыбеков, білім саласын - К.Шапықова, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама сұрақтары бойынша – Р.Мүсәлімова, Әділет басқармасының басшысы – К. Тасқалиева, ішкі саясат саласында – А.Дүйсенова, мәдениет саласында – Ж.Бисенғалиева, аудандық «Екпін» қоғамдық-саяси газетінің директор-редакторы – Д.Ғазез, спортты дамыту мәселесі бойынша – Қ.Баймағамбетов және барша әріптестеріме ризамын!

Бір команда болып, бірге қызмет атқарған жылдары талай елді мекенді аралап, тұрғындармен кездесіп, олардың мәселелерін тыңдадық. Кейде бір күннің ішінде бірнеше ауылды аралап, таңнан кешке дейін жұмыста жүретін кездеріміз болатын. Сондай сапарларда Өтеміс Уәлиұлының халықпен қарапайым тілде сөйлесіп, әр адамның сөзін тыңдауға тырысатыны есімде.

Уақыт өтеді. Қызмет те, лауазым да артта қалады. Бірақ адамның елге жасаған еңбегі, артында қалдырған жақсы ізі ұмытылмайды. Бүгінде ел ағасы арамызда болмаса да, ауданның дамуына қосқан үлесі, бірге қызмет еткен әріптестердің жүрегіндегі жарқын бейнесі сақтаулы.

Мен ол кісіні ең алдымен елге қызмет етуді азаматтық парыз санаған, сөзіне берік, ісіне жауапты, адамға жақын басшы ретінде еске аламын. Адам өмірден өтеді, ал жақсы аты мен игі ісі ел жадында қалады.

Марқұм Өтеміс Уәлиұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Артында қалған ұлдары Мирас, Азат, Мейрамбек отбасыларымен аман болсын, халқына қадірлі ұл, асыл азамат болған әкесіндей, елдің белді де беделді азаматтары боларына сенемін.

Жақсы адамның ғибратты ғұмыры – кейінгі ұрпаққа өнеге. Өтеміс Уәлиұлының есімі мен елге жасаған еңбегі халық жадында мәңгі сақталады.



Люция ЖҰБАНЫШҚАЛИЕВА
«Әділет» партиясы Тасқала аудандық филиалының төрағасы

Елге қызмет еткен ер

2008 жылы мамыр айында Тасқала ауданының бұған дейінгі әкімі Болат Шақимовтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты ауданның жаңа әкімі болып Өтеміс Уәлиұлы Мырзағалиев тағайындалды. Ел басқару ісінен тәжірибесі мол,оның үстіне қазақтың тағылымды тарихының бастауы болған қасиетті де киелі Орда жерінде туып-өскен, еңбек еткен Өтеміс Уәлиұлымен жұмыс істеу қызықты әрі жеңіл болды.

Жұмыс тәжірибесінің молдығы мен ел басқару ісіне жүйріктігі соншалық, ол кісі үнемі тап бір сенің ойыңды оқып отырғандай, тапсырмаларын алдыңды орап алдын ала беріп отыратын және атқарылған істің нәтижелі орындалуын талап ете білетін.

"Әлеуметтік сала – халықтың тұрмыс-тіршілігін елеп-екшейтін өте күрделі жұмыс. Жеке адамның, отбасының, ана мен баланың, ардагерлердің қиын жағдайлары тасада қалмауы керек",–дейтін. Әсіресе жыл басында аз қамтылған отбасыларды әрбір мекемеге бекітіп беріп, қыс мезгілінде көмектесуіміз керек деп,барлық мекеме басшыларын қайырымдылыққа шақырып, өзі соған бастаушы болып отыратын.

Өтеміс Уәлиұлының елмен амандасуының өзі өз алдына бір мектеп еді. Ол үшін адамның үлкен-кішісі болмайтын. Үлкендерді айтпағанда, бес жасар баланың да қолын алып амандасып, «үлкен жігіт бол» деп батасын беріп жататын. Соғыс және еңбек ардагерлерінің әрқайсысын бір-бір төбеге балап: "бұлар даланың оқымаған академиктері ғой",– деп отырушы еді.

Ол кісі төл тарихымыз бен ұлттық дәстүрімізді өте жақсы білетін және оған аса құрметпен қарайтын. Еділ мен Жайықтың арасын жайлаған Бөкей хандығының тарихын жатқа айтып: "Бұл біздің тарихымыз,елдің есінде қала берсе артықтығы жоқ",– дейтін. Ел басқарумен қатар сол елді тәрбилеуге де үнемі көңіл бөлетін. Ол мәдениеттің шын жанашары болатын. "Сырт жерде елдің елдігін танытып, атын шығаратын спорт пен мәдениет",– дейтін.

Өзі басшылық еткен уақытта елдің рухани қанағаттануына біраз жұмыс жасады. Ұлттық құндылықтарымыздың тасада қалуына жол бермейтін. Қазақтың киелі мақал-мәтелін жадына терең сіңірген жан еді. Сол мақал мәтелді орнымен қолдана білу де үлкен шеберлік қой. Өтеақаң осы асыл сөздерді ретімен қолдана білудің хас шебері болатын.

"Құстың ең сағы сауысқан, екі шоқып бір қараса, сендер бір шоқып екі қараңдар, бұл – бүгінгі күннің талабы",–дейтін. Ол кісінің сөз саптауы да мүлдем басқаша, тіптен ерекше еді. Мен білетін жандардың ішінде қара сөзден қаймақ айырған сөз сүлейі де осы кісі болатын. Жұмалық лездемеде амандасып болғаннан кейін "зулаған уақыт..." деп бастайтын сөзін.

Ал өзінің өмірін алып кеткен қоян жылына әзірлікті екі жыл бұрын бастады ауданда. Қоян жылының жалпы мұсылмандар үшін, соның ішінде қазақтарға ауыр жыл екендігін жиі айтып, мал азығының екі жылдық қорын жасақтауда, техниканың қысқа әзірлігін күнделікті жұмыс жоспарынан түсірген жоқ. Өзі қатты қауіптенген қоян жылы ақыры оны бұл өмірден алып кетті...

Жұбайы Әсем екеуі бірін-бірі толықтырған жарасымды жұп еді. Жанұяларында тәрбие мен талғам һәм мәдениет исі сезіліп тұратын. Әсіресе отбасында қонақ күту деңгейі өте жоғары әрі ерекше еді. Ұлы Мейрамбекке әрқайсымызға арнап күй орындататын.

Өтеақаң жібектей мінезімен, жайдары көңілімен, ажарлы күлкісімен үлкенге іні, кішіге аға, ағайынға бауыр бола білген жан. Осы асыл қасиеттерінің арқасында өз ортасында үлкен беделге ие болды.

Жаныңыз жәннәтта болсын, аяулы әріптес.

Раушан МҮСӘЛІМОВА,
еңбек ардагері

Аз да, көп те емес сонау 1998 жылы жастық шақтың жолдамасымен Тасқала ауданына табан тіреп, тастай батып, судай сіңгелі көптеген адамдармен қызметтес, әріптес болып бірге еңбек етіп келемін. Әйтсе де, өміріңе бағыт-бағдар беріп, ағалық қамқорлығын көрсетіп, әкелік мейірімін төгіп, қолдау көрсеткен жаны жайсаң басшылардың бірі де бірегейі — Өтеміс Уәлиұлы туралы өткен шақта естелік айту неткен қиын еді...



ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН АҒА

Өтеміс Уәлиұлы Тасқала ауданында әкім болып еңбек еткен үш жылдан астам уақытта қоян-қолтық бірге қызмет жасағанымды, ол кісінің әрбір ақыл-кеңесінен өмірлік мол тәжірибе жинағанымды, кісіліктің, кішіліктің, адалдық пен адамгершіліктің үлгісін бойымызға дарыта білгенін зор мақтанышпен айта аламын. Ашулансақ — басу айтып, жабырқасақ, жанымыздан табыла білген осындай аяулы жанның мезгілсіз өмірден өткен өкініші жылдар өтсе де өзегімізді өртейді.

Қазақтың өнерін, қара домбырасын бәрінен биік қойып, қара сөздің қадірін түсіне білген ағамыз кейде менің айтысқа жиі қатыспағаныма, өлең жазбайтыныма да қынжылысын жасырмайтын. Менің қарауындағы қызметкер екендігімнен бұрын өлеңге жақын екендігімді, ақындығымды жоғары қоятын. Кейде тіпті өзі оқыған кітаптарын, өлеңдерін айтып, талқыға салып отыратын. Әрбір түсірілімге, әрбір шараға мұқият әзірленетін. «Уақ нәрсе болмайды» деген сөзі бізге қағида іспеттес еді.

Өтеміс Уәлиұлының әрбір ісінен, әрбір сөзінен ұлтына, туған жеріне, еліне, халқына деген сүйіспеншілігі байқалатын. Өзін ренжіткен, көңілін қалдырған адамдардың бойынан да жақсылықтың нышанын іздеп тұратын. Осындай ізгі қасиеттері оның ел алдындағы азаматтық абыройын одан әрі асқақтата түсті. Оның жасаған жақсылықтары туралы күні бүгінге дейін әр аудан тұрғынының аузынан естігенде көңіліміз марқая түседі. Мерейіміз өсіп қалады.

Тек бір өкініштісі, жаны жайсаң, жүрегі жомарт, парасаты биік ағамыздың осы жалған тірліктен ерте кеткені, мезгілсіз кеткені ғана. Көңіл шіркіннің кей мезгіл көктегіге қол созатыны сияқты, сол бір бұралаң жолдың бойынан өтіп бара жатып әлі де сізбен тілдескендей боламыз…

Айгүл ДҮЙСЕНОВА
Тасқала аудандық ОКЖ директоры

Өнегелі өмір

Уақыт шіркінге дауа жоқ екен, күні кеше ғана сияқты еді, аудан әкімдігінің апталық лездемесіне маңдайы жарқырап "Зулаған уақыт, тағы бір аптаны бастағалы жатырмыз", - деп Өтақаңның кіріп келе жататыны. Өмірден өткеніне де 15 жыл болып қалыпты. Артынан, қайтқаннан кейін басылып шыққан "Өтеміс, Бөкейдің бұлтқа біткен шынары едің" деген естеліктер кітабына "Тау қашықтаған сайын биіктейді» деген еске алу мақаласын жазыппын. Шынымен де солай екеніне қазір көзім жеткендей, уақыт озған сайын Нарынның нар ұлдарының бірі — Өтеміс Уәлиұлының да тұлғалық бітімі зорая түскендей көрінеді.



Қаншама тек мен білетін беделді адамдардың естеліктерінде адами, іскерлік, шығармашылық, мәдени қасиеттері өте шынайы, көркем сипатталған. Қасиетті Нарын құмында туып өсіп, Құрманғазы, Сейтек, Дәулеткерей, Махамбет сынды бабалардың рухынан нәр алып, сол Нарын ұлдарына тән ғажайып мәдениеттілік пен қарапайымдылықтың негіздерін бойына сіңіріп өскен ол аққан жұлдыздай қысқа ғана ғұмырында ел басқарған қайраткер дәрежесіне дейін көтеріле білді.

Өтақаңды мен сонау студенттік кезімнен білетін едім. Жоғары курс студенттерінің арасында сол кездің өзінде ол жоғары мәдениеттілігімен, әдептілігімен, қабілетімен ерекшеленетін. Артынан Нарын өңірінде мамандығым бойынша еңбекке алғаш кіріскенімде әріптес болып, қос шаруашылықта бір саланың мамандары болып қызмет атқардық. Ал тізе қосып, бірге жұмыс істеу Өтеміс Уәлиұлының Тасқала ауданына әкім болып келгеннен кейін бұйырды.

Жұмыста талапшыл, қатаң тәртіп ұстанған басшы болса да, тұла бойынан қазақтың кең даласындай дархандығы, кең пейілділігі, кішіпейілділігі айқын білініп тұратын. Жалпы жұмыскерлігі басшылық талантына сай болатын. Мәдениет пен өнерге деген көз қарасы өзгеше болатын. Тазалық пен тәртіпке үлкен мән берді. Елді мекен, көше тазалығына, үйлердің сәнді болуына аса қатты көңіл бөлетін. Аудан орталығындағы, елді мекендердегі үйлердің, аулаларының профлистпен қоршалуы, штакетниктердің сырлануы аудан басшысының басты назарында болды. Нәтижесінде барлық ауылдарда да қызылды-жасылды қоршаулары бар әдемі көшелер бой түзеді.

Ұйымдастырушылық қабілеті 2011 жылы орын алған үлкен су тасқыны зардабынан кейінгі кезеңдегі жағдайды қалпына келтіру жұмыстары кезінде айырықша сезілді. Жүздеген үйлер су тасқынына төтеп бере алмай, иелері қиын жағдайға тап болған кезде күні-түні халықпен кездесіп, мұң-мұқтаждарын тыңдап, барынша көмек жасауға барлық қажыр-қайратын жұмсады. Қандай да орынсыз кінәлау, нақақ айыптаулардың құрбаны болып жатқан кезде де адамдарға шаң жуытпайтын.

"Халық жақсы, бәрін сосын түсінеді, бар күш-жігерімізді солардың мұң-мұқтаждарына жұмсайық",- деуден таймайтын. "Ұлық болсаң, кішік бол" деген қарапайым қалпынан аумады. Аудан халқы әлі күнге дейін Өтақаңның жақсы істерін еске алып отырады.

Жары Әсем де өзіне сай қазақ қыздарының барлық асыл қасиеттерін бойына жинаған ерекше жан болатын. Жанұямызбен араласып, жақсы қарым-қатынаста болдық. Өте қимайтын жандар еді. Амал нешік, марқұмдарды еске алып, құран бағыштап, дұға қылғаннан басқа амал қалмады. Топырақтары торқа, жандары жәннатта болсын деймін.

Ганмирлан ТҰРҒАНАЛИЕВ,
еңбек ардагері

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мерей ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің иелігіндегі ҚТҚ полигонына арналып жасалған қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу материалдарына ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Өткізу орны: Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Мерей а/о, Мерей ауылы, Абай көшесі, 6 (әкімдік ғимаратында)

Өткізу күні мен уақыты: 2026 жыл 16 қазан сағат 15:00-де.

Конференцияға онлайн қосылу:

https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hsckhxcGd6Q29WQkZFUGZwQT09&omn=89176839613

Идентификатор конференции: 944 427 4054

Кіру коды: L9RqKZ

Қоғамдық тыңдауға жіберілген құжаттармен келесі порталда танысуға болады https://ndbecology.gov.kz/, сондай-ақ Жергілікті атқарушы орган «Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтының «қоғамдық тыңдау» бөлімінің сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru танысуға болады e-mail: zko_forest@bko.gov.kz.

Бастамашы: «Мерей ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, мекен-жайы: БҚО, Тасқала ауданы, Мерей а/о, Мерей ауылы, Абай көшесі, 6 БСН 050140002751, тел. +7(71139) 21-4-39

Орындаушы: «Tabigat8» ЖК, Шымкент қ., 189 кв, 33 үй. тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru.

«Мерей ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ барлық тілек білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын келесі электрондық пошта мекен-жайы бойынша енгізе алады: zko_forest@bko.gov.kz

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын қағаз жүзіндегі материалдармен БҚО, Тасқала ауданы, Мерей а/о, Мерей ауылы, Абай көшесі, 6 мекен-жайы бойынша танысуға болады. Барлық сұрақтар бойынша мына телефонға: +7(71139) 21-4-39

Полигонның географиялық координатасы:

Ендік: 50°59'8.46»С

Белдік: 50°30'1.48»В

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Аппарат акима Мерейского сельского округа» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проектным материалам для получения разрешения на воздействие для полигона ТБО.

Место проведения: Западно-Казахстанская область, Таскалинский район, Мерейский с.о., с. Мерей, улица Абая, 6 (в здание акимата).

Дата и время проведения: 16 октябрь 2026 года в 15:00.

Подключиться к конференции

https://us05web.zoom.us/j/9444274054?pwd=eTMrR1hsckhxcGd6Q29WQkZFUGZwQT09&omn=89176839613

Идентификатор конференции: 944 427 4054

Код доступа: L9RqKZ

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ndbecology.gov.kz/, а также на сайте https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области» e-mail: zko_forest@bko.gov.kz в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ГУ «Аппарат акима Мерейского сельского округа» адрес: ЗКО, Таскалинский район, Мерейский с.о., с. Мерей, улица Абая, 6 БИН 050140002751, тел. +7(71139) 21-4-39

Исполнитель проекта: ИП «Tabigat8», г. Шымкент, 189 квартал, дом 33 тел. +77711515038. Email: zhadra_140992@inbox.ru

ГУ «Аппарат акима Мерейского сельского округа» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: zko_forest@bko.gov.kz

С материалами проекта в бумажном виде можно ознакомиться по адресу: ЗКО, Таскалинский район, Мерейский с.о., с. Мерей, улица Абая, 6. По всем вопросам обращаться по телефонам: +7(71139) 21-4-39

Географические координаты полигона.:

Широта: 50°59'8.46»С

Долгота: 50°30'1.48»

ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу және емдеу: Дәрігер кеңесі

Бүгінде жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) мен тұмау вирустық аурулардың ішінде ең кең таралғандары болып табылады, олардың үлесі 95 %-ға дейін жетеді. Адам бір рет ауырған тұмау штаммына қарсы иммунитет қалыптастырғанымен, жыл сайын әлем халқының кемінде 15% қайтадан жұқтырады. Бұл вирустың құрылымының үнемі өзгеріп, жаңаруымен түсіндіріледі. Респираторлық вирустық инфекциялар ауа-тамшы жолдары арқылы жұғады.

Тұмау — тыныс жолдарының жұқпалы вирустық ауруы. Аурудың қоздырғышы — Ортомиксовирустар. Олардың үш типі: А,В,С типі бар. Тұмау вирусы өте тез тарайды. Тұмау кезінде науқастың дені дел-сал болады, тамағы мен тыныс жолдары ашиды, дене қызуы көтеріледі,асқа тәбеті болмайды.Басы ауырып, бұлшық еттері сыздайды, бір-екі күннен кейін мұрыннан су ағып, даусы қарылып, жөтеледі, иіс сезуі шашарлап, көзі қызарады. Сондықтан да ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу өте маңызды, ол аурудың таралуын шектеп, ағымын жеңілдетуге және асқынулардың алдын алуға көмектеседі.

Эпидемия кезінде қауіпсіздік шаралары:

- Қоғамдық орындарда медициналық маска тағып жүру;
- Адам көп шоғырлаған жерлерге бармауға тырысу;
- Қолды жиі жуу,антисептик қолдану;
-Үйде ылғалды тазалау және желдету;
-Иммунитетті қолдау үшін С-дәрумендер қабылдау.

Егер ЖРВИ жұқтырсаңыз не істеу керек?

Дереу үйде қалып,төсек режимін сақтау керек дәрігерді үйге шақыртып емін алу. Бөлмені жиі желдетіп, ылғалды тазалау жүргізу керек. Тұмауға қарсы арнайы ремантадин, ибупрофен, интерферон, қызу болса аспирин ішу қажет. Тұмау вирусына антибиотиктер пайда етпейді.

Тұмау және ЖРВИ жұқтыру қаупі жоғары келесі адамдар жатады:

-Балабақша мен мектеп оқушылары;
-Мұғалімдер;
-Қарт адамдар;
-Иммун тапшылығы бар науқастар.

Сол себептен қазірден бастап жиі ауратын адамдар аудандық ауруханаға жолығып тұмауға қарсы вакцина алуға шақырамыз.

Денсаулық сақтау — тек дәрігерлер мен мемлекетке жүктелген міндет емес. Бұл — әрбір адамның күнделікті өмір салтына айналуы тиіс ұстаным. Денсаулыққа жауапкершілікпен қарау — бұл аурудың алдын алуға және тиімді ем жүргізуге мүмкіндік береді.

С. ӨТЕМІСОВА
Тасқала аудандық дәрігер-эпидемиолог

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министірлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ-нің №56НҚ бұйрығы негізінде 2026 жылдың 1 қыркүйегінен бастап бекітіліп, 2026 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізіледі:

Тұрғындар үшін 1м3 – 414,57 теңге;

Мемлекеттік мекемелерге және мемлекеттік кәсіпорындарға – 1400,52 теңге;

Басқа тұтынушыларға – 455,91 теңге.

Ауызсудың бағасы тұрғындар үшін 1 $м^3$ – 130 теңге, бір адамға шаққандағы нормативтік су тұтынудан 4,2 $м^3$ асып кеткен жағдайда, кейінгі көлем үшін төлем 169 теңге мөлшерінде есептелетінін өзгеріссіз қалатынын хабарлаймыз.

На основании приказа №56 утвержденного с 1 сентября 2026 года РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области» вводится в действие с 1 октября 2026 года:

Для населения 1$м^3$ – 414,57 тенге;

Государственным учреждениям и государственным предприятиям – 1400,52 тенге;

Другим потребителям – 455,91 тенге.

Сообщаем, что цены на питьевою воду для населения за 1$м^3$ – 130 тенге, норма на одного человека на 4,2 $м^3$, в случае превышения нормативного водопотребления плата за последующий объем начисляется в размере 169 тенге остается без изменений.



Меншік иесі:
"Жайық Пресс" ЖШС
Бас директор
Дархан ОРАЗОВ

"Жайық Пресс" ЖШС
Тасқала аудандық "Екпін"
қоғамдық-саяси газетінің
Директор-редакторының уақытша
міндетін атқарушы
Гүлмира МАҚАНОВА

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылы 19 қаңтарда тіркеліп, №12267-Г куәлігі берілген.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 091000, Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, Тасқала ауылы, Абай көшесі, 23
Телефондар: редактор: 21-1-32, 21-4-56.
Біздің электронды поштамыз: ekpin_1936@mail.ru

Ⓐ Белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет "Жайық Пресс" медиахолдингінде компьютерлік әдіспен құрылып, беттелді.
"Хабар-Сервис" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов көшесі 9/2

Газет аптасына 1 рет шығады.

Көлемі 2 баспа табақ.
Таралымы 2154 дана.

Жақсығұлов шағын ауданының тұрғындары биыл өздері үшін маңызды белесті — мекеннің 15 жылдық мерейтойын атап өтті. Тарихы табиғи апаттан кейін бастау алған бұл шағын аудан бүгінде талай отбасының құтты қонысына, берекелі мекеніне айналып, өзіндік шежіресі қалыптасқан үлкен қауым болып отыр.



«Бір үй - бір отбасы, бір шағын аудан - бір тағдыр!»

Осыдан 15 жыл бұрын табиғи апат салдарынан баспанасынан айырылған отбасылар үшін бой көтерген шағын аудан уақыт өте келе жаңа тыныс алып, тұрғындардың ортақ үйіне айналды. Бір шаңырақтың қуанышы мен екінші отбасының бақыты ұштасып, көрші-қолаңның өзара сыйластығы мен татулығы берік дәстүрге айналды.

Мерейтойлық шараға Тасқала ауылдық округінің әкімі Алғадай Жамбыл, ауыл ақсақалдары, ақ жаулықты аналар, шағын ауданның алғашқы тұрғындары мен жастар жиналып, айтулы күннің қуанышын бірге бөлісті.

Жиын алдымен ел есінде өшпес із қалдырған Өтеміс Уәлиұлы Мырзағалиевті еске алудан басталды. Марқұмның рухына Құран бағышталып, дұға жасалды. Өтеміс Уәлиұлының шағын ауданның қалыптасу кезеңіндегі еңбегі ерекше аталды. Сол жылдары ел басқарған азамат ретінде жаңа баспаналардың бой көтеруіне, тұрғындардың жайлы қоныстануына үлкен үлес қосқан тұлғаның есімі көпшілік жадында сақтаулы. "Тірі болғанда биыл 70 жасқа толар еді" деген сағынышты естелік те айтылды.

Қазақ халқында «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген тағылымды сөз бар. Осыны негізге алған тұрғындар мерекелік жиынның алғашқы бөлігін өткенді ұлықтауға арнады. Бұл — бүгінгі тыныш тіршіліктің қадірін түсініп, ел дамуына еңбек сіңірген азаматтарды құрметтеудің жарқын үлгісі болды.

Мерейтой барысында сол кезеңнің куәгерлері естеліктерімен бөлісті. Алғашқы күндер, жаңа көшелер, жаңа баспаналар, көрші-қолаңмен танысу, ауладағы алғашқы кездесулер барлығы да тұрғындардың жүрегінде ерекше сақталған. Сол кездегі төтенше жағдайлар министрі Владимир Карпович Божконың да жаңа қоныстағы тұрғындармен кездесіп, халыққа ақжолтай тілегін білдіргені еске алынды. Бұл да шағын аудан тарихындағы есте қаларлық сәттердің бірі ретінде айтылды.

Он бес жылдық тарихтың ең құнды куәгерлері — осы мекеннің алғашқы тұрғындары. Олар жаңа үйлердің алғашқы есігін ашып, көшелердің қалыптасу кезеңін көрді. Бүгінде сол жандардың естелігі кейінгі ұрпақ үшін баға жетпес шежіре. Мерекелік кеште ақсақалдар мен ақ жаулықты аналарға арнайы құрмет көрсетіліп, сөз берілді. Үлкендер өткен күндерді еске алып, елдің амандығын, шағын ауданның өркендеуін тіледі. «Қариясы бар үйдің - қазынасы бар» деген халық даналығы осындайда айқын көрініс табады. Үлкендердің ақ батасы мен өмірлік тәжірибесі кейінгі буынға берілетін рухани мұра. Уақыт өз дегенін алып, бір кездері жаңа қоныс болған Жақсығұлов шағын ауданы бүгінде қалыптасқан елді мекенге айналды. Осы аралықта мұнда талай отбасының қуанышы еселенді. Балалар мектеп табалдырығын аттап, алғашқы түлектер үлкен өмірге қадам басты. Сәбилер дүниеге келіп, бесік тойлары жасалды. Жастар ер жетіп, отбасын құрды. Ақ босаға аттаған келіндер шаңырақтың сәнін келтірді. Тұсаукесерлер өтіп, мерекелер бірге аталып, ауладағы балалардың шат күлкісі көшеге сән берді.

Мерекелік бағдарламада шағын ауданның өткенін бейнелейтін «15 жыл - 15 естелік» бөлімі көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Алғашқы қоныстанған күндерден бастап, көршілердің танысуы, балалардың алғашқы мерекелері, ауладағы сенбіліктер, отбасылық тойлар, мектеп бітірушілер, дүниеге келген сәбилер, ортақ мерекелер мен қиын сәттердегі өзара көмек барлығы он бес жылдық шежіренің ажырамас бөлігі ретінде аталды.

Мерейтой барысында туған жерге деген сүйіспеншілікті жеткізетін әндер орындалып, өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салды. Соның ішінде «Атамекен» әні кештің мазмұнын айшықтай түсті.

Жақсығұлов шағын ауданының ең үлкен жетістігі — оның үйлері немесе көшелері ғана емес, адамдары. Бір-бірін қиындықта қолдап, қуанышта бірге шаттанған тұрғындардың берік байланысы осы мекеннің басты құндылығына айналды. Мерекелік кеш соңында барша тұрғындар ортақ құттықтауларын білдіріп, ізгі тілектерін арнады. Әр шаңыраққа амандық, әр отбасына береке, көрші-қолаңға татулық тіленді. Кештің негізгі ойы да осыған саяды 15 жыл жай ғана уақыт өлшемі емес, тұтас бір буынның өмір жолы, ортақ естелік пен қалыптасқан үлкен шаңырақтың тарихы.

Кеше тарихта қалды. Бүгін — мерейлі күн. Ал ертең — жаңа белестердің бастауы.

Бекжан ӨТЕМІСОВ





